

Б.М. Сүйеркүл<sup>1</sup>, А.Д. Кегенбекова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан;

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: kegenbekova.altyn@gmail.com)

## Фитонимдердің қатысуымен жасалған тілдік бірліктерге теолингвистикалық талдау

Тілді адаммен, оның санасымен, ойлау жүйесімен және халықтың рухани әлемімен байланыста зерделеу – қазіргі тілтанымдағы басым бағыт. Халық тұрмысында ерте кезден қолданыс тапқан өсімдіктер, олардың пайдалы қасиеттері жөніндегі мәліметтер тілдік бірліктер ретінде таңбаланып, паремиологиялық қорға еніп, адамзат танымында маңызды орын алып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған. Халқымыздың тілдік санасында мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер мен теңеулер, тыйым сөздер, тағы басқа арқылы көрініс тапқан. Мақала фитонимдердің қатысуымен жасалған тілдік бірліктерді теолингвистикалық қырынан зерттеуге арналған. Авторлар аталмыш тұрақты тілдік бірліктердің семиологиялық мәнін тарихи жазба ескерткіштер материалдары негізінде қарастырған. Фитонимдік тілдік бірліктердің таңбалық сипатын халқымыздың дәстүр-салттарымен, ырым-тыйымдарымен, діни танымымен байланыстыра зерттеу жүргізу арқылы тіл мен таным сабақтастығын ашудағы қызметін анықтайды.

*Кілт сөздер:* теолингвистика, архетип, фитоним, теоним, тілдік сана, діни таным, тіл білімі.

Тілдік бірліктерді әртүрлі қырынан зерттеу – тіл білімінің маңызды міндеттерінің бірі. Қазіргі тіл білімінде өсімдік атаулары мен олардың қолданысы, халық дүниетанымындағы рөлі мен қызметін зерттеу өзекті тақырып болып отыр.

Қазақ тіл білімінде фитонимдік лексика әртүрлі аспектіде зерттелуде. Фитонимдерді ономонология тұрғысынан Г.И.Ұйыкбаева, өсімдік атауларының этимологиясын Б.Қалиев, этнолингвистика тұрғысынан Ш.Сейітова, өсімдік атауларының уәжін У.Д.Әділбаева, ономонологиялық және когнитивтік бағыт тұрғысынан Г.А.Омарбекова зерттеген. Шетел ғалымдарынан түркі тілдеріндегі фитонимдік бірліктерді Л.В.Дмитриева, М.М. Пенжиев, Г.Г. Саберова, Т.Х. Хайрутдинова, А.А. Хатхе, тағы басқа ғалымдар арнайы қарастырған.

Ғылымда тілдің таңбалық сипаты туралы пікірлер Ф. де Соссюрдің еңбектерінен бастау алады. Бірақ қазақ халқы тілдің таңбалық сипатын ерте кезден білген. Халқымыздың «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» деп бекер айтпаған. Бір сөз, сөз тіркесіне қаншама мағына сыйғызған. Оның астарында халықтың тарихы, танымынан хабар беретін ақпарат жатыр. Әрбір таңбаның негізінде оның уәжі жатыр. Әрбір сөз кодталған ақпарат десек, оның мағынасын түсінгенде ғана код ашылады. Фитонимдердің таңбалық сипаты да ерекше. Өсімдік атауларының өзіндік қолданылу аясы бар, мұндай тілдік бірліктердің шығу тегі мен қолданылу тарихы да тереңде. Әрбір сөздің тарихына барлау арқылы халықтың наным-сенімін, ырым-жоралғыларын көре аламыз.

Қазақ тұрмысында өсімдіктер рөлі көне заманнан бері жоғары болған. Халқымыз жер анадан өніп шыққан өсімдіктердің емдік қасиеті мен қоса түрлі тұрмыс құралдарын жасауға, өнер аспаптарын жасауға қолданған. Адамды топырақтан жаратылған десек, өсімдіктер әлемі де топырақтан өсіп шығады. Адам бойында жер анадағы барлық қасиеттер кездеседі десек, өсімдіктердің бойына да бұл қасиеттер беріледі. Сөйтіп, адам өзіне керектісі, пайдалысын өсімдіктерден ала алады. Бұл фактіні түркі халықтарының мәдениетін, тұрмысын қарастырған еңбектерден де кездестіреміз. Фитонимдік тілдік бірліктер сонау көне замандарда пайда болып, осы уақытқа дейін бойында терең мағына мен мән сақтап келеді. Олардың кейбір түрлерінің шығу тегін, алғашқы қолданыстарын анықтай алсақ та, кейбіреулерінің сыры әлі де ізденісті талап етеді. Қарап тұрсақ, қазақ даласының кез келген жемісінің, дәнінің, тіпті арам шөптерінің де тұрмыс-тіршілікке зиянынан, пайдасы көп. Сонымен, әрбір сөздің түпкі мәнінде халықтың танымы, дүниеге көзқарасы жатады десек, фитонимдік тілдік бірліктердің халқымыздың танымын зерттеуде маңызы зор болып табылады.

Қазақ халқы қолданатын тілдік бірліктердің кез келгені кездейсоқ емес, олардың астарында терең мағына, мәдени-тарихи ұғымдар жатыр. Фитонимдер қазақ тілінің лексика-семантикалық жүйесінде ертеден бері көрініс тауып келеді. Бұл дана халқымыздың өсімдіктер әлемін терең барлап,

санадан өткізіп, осы уақытқа дейін танымында қалыптастырғанын білдіреді. Халқымыз ерте заманнан даланың жұпары саналатын өсімдіктердің артық-кемшіліктерін барлап, өзіндік тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне қолдана білген. Халқымыздың тілдік санасында қалыптасқан тұжырымдар тілдік санамызда мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер мен тенеулер, тыйым сөздер, тағы басқа арқылы көрініс табады.

Дүниедегі кез келген заттың түп негізі, яғни архетипі, бар. Сол секілді өсімдіктердің де бастау арналары тереңде жатыр. Қазіргі таңда ислам елдері құран аяттары, қиссаларда барлық сұрақтардың жауабы көрініс тапқан десе, қателеспейді. Өсімдіктердің де шығу тегін құран аяттары мен діни қиссалардан іздесек, адаспаймыз.

Жалпы адамзат атаулының бастауы, архетипі – Адам ата десек, «Адам ата – Хауа ана» қиссасында біршама өсімдіктердің пайда болуы мен пайдаланылуы жайлы сөз қозғалады. Қиссада Адам ата мен Хауа анаға жеуге тыйым салынған өсімдік ретінде дәнді-дақыл – *бидай* көрініс табады. Ал оны жеуге болмайтын себебі, жәннатта өсіп тұрған бидай Расулаайһи с-саламның несібесі болып саналады. Ал бір адамның несібесін екінші адамның жеуі үлкен күнә деп есептеледі [1; 105]. Осы ұғым қазақ халқында мынадай тілдік бірліктер арқылы айшықталады: «аманатқа қиянат жасама», «біреудің ақысын жеме», «біреудің ала жібін аттама» т.б. Мұндай тілдік бірліктердің жас ұрпақты адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеуде мәні зор.

Бидай өсімдігінің қазақ танымында алатын орны зор. Халқымыз оны «Арпа, бидай – ас екен, алтын күміс – тас екен», «Ас атасы – нан, нан атасы – дән», «Бидай күзде пісер, пайдасы сонда түсер», «Қарамықтың дәні болғанша, бидайдың сабаны бол, Жаман елдің жақсысы болғанша, жақсы елдің жаманы бол», «Досыңа арпа алып келсең, бидай алып қайт», «Нан бар жерде ән бар», «Дәнді шашпа, нанды баспа», «Нан — тамақтың атасы, ынтымақ — көптің батасы», тағы басқа мақал-мәтелдері арқылы жеткізеді. Сондай-ақ үйге келген қонаққа «ең болмаса, нан ауыз ти» деп айту дәстүр болып қалған. Қазақ халқының нанды құрметтегені соншалық, «Нанның үстіне зат қойма», «Нанды жерге тастама», «Нанды бір қолмен үзбе», «Нанды төңкеріп қойма» деген тыйым сөздерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыр. Қазақ халқы үшін нан – тоқшылықтың, ырыстың, берекенің нышаны.

Қиссада Адам ата мен Хауа ана жұмақтан қуылған кезде, олардың киімдері сыпырылып түседі, сонда Адам ата жердегі барлық өсімдіктерден әурет жерін жабу үшін жапырақ сұрағанда *інжір* өсімдігі ғана бес жапырағын береді. Алла Тағала *інжір* өсімдігіне разы болып, оның асқан ақылдылығы үшін оны адамзатқа пайдалы, шипалы етеді... Алайда өз бетінше іс қылғаны үшін оны адамдар ұнтақтап пайдаланатын, жемісі гүлдемейтін етеді... [1; 107]. «Дәрі шөптен шығады, дана көптен шығады» демекші, *інжір* өсімдігін мың дертке дауа десек, қателеспейміз. Ол жүрек ауруы, тамақ ауруы, кеудеге суық тию, бүйрек, қан тамырлары ауруларын, тағы басқа дерттерге ем болып табылады. Денеге у таралуына қарсы қолданылады. Құранда Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у): *Кімде-кім жүрегінің жақсы жұмыс істеуін қаласа, інжір жеуді жалғастырсын*, – деген сөзі де бұл өсімдіктің тегін еместігін білдіреді [2].

Қисса бойынша, *інжірдің* қураған жапырағының бірін ара жеп, одан бал пайда болған. Аралар балды шығару үшін әртүрлі хош иісті өсімдіктердің шырынын жинайтыны белгілі. «Нахыл» сүресінің 67, 68-аяттарында Алла Тағала бізге бал аралары жайында хабарлайды: (*Ей, Мұхаммед*) «*Раббыңыз бал араға әмір етті: «Тауларға, ағаштарға және (адамдар) құратын індерге (яғни құрылыстарға) ұя сал. Сонан соң, түрлі жемістерден жеп, Раббың (сен үшін) қолайлы етіп қойған жолдармен ұшып жүр! Оның қарынынан адамдар үшін шипа болған әртүрлі реңді ішімдік - бал шығады* [3; 274]. Сондай-ақ бал әртүрлі жүрек, асқазан, бүйрек, қан аздық, тұмау, баспа, т.б. ауруларға ем. Балдың халықтың тілдік санасындағы орны мен маңызы *Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал; Сыйға – сый, сыраға – бал; Бал тамған тілден у да тамады; Шын сөзің – бал, жалған сөзің – жуадай* т.б. мақал-мәтелдер арқылы таңбаланған.

«...Пейіштен қуылғанда Хауа ана да көз жасын көлдетеді. Сонда оның көз жасынан алоэ, амбар, сүмбіл, қалампыр, қына, осма өсімдіктері пайда болды» делінеді қиссада. Қиямет күніне шейін сол өсімдіктерді сәндік үшін пайдалану мирас болып қалған. Қазіргі таңда да бұл өсімдіктер сәндік үшін пайдаланылады.

Қиссада Адам ата мен Хауа ананың ұлы Әбілдің көмілген жерінен тікенегі мол *шеңгел* өсіп шықты делінген [1; 122]. Қазақта «Есек — қодығымен, шеңгел — собығымен» деген мақал бар. Шеңгел – мал жемейтін арам шөп. Бірақ қазақ халқы шеңгелді отын ретінде пайдаланған. «Аяз би» ертегісінде Жаман «шөптің жаманы – шеңгел» деген хан сөзіне қарсы шығып, шөптің жаманы –

карақоға дейді. Хан себебін сұрағанда Жаман: «Шенгелді әкеліп отқа жақсам, кешке жаққан отым ертеңіне дейін, сексеуілдің шоғындай жайнап жататын еді», — деп ұтымды жауап берген екен [4].

Қазақ танымында ерекше орын алатын өсімдіктер жайлы айтқанда, *адыраспан*, *арша*, *жусан* жайлы сөз қозғамауға болмайды. Адыраспан шөбінің шығуы ислам дінінде Оспан сахабаның атымен байланысты. Аңыз бойынша, Оспан сахаба соғыста жүреді. Жаулары түнде тыңшы жіберіп аттарын жан-жаққа қашырады. Оспан сахаба атын іздеп жүріп, атының шылбырының адыраспанға байланып қалғанын көріп, адыраспанды өзімен бірге ала кетеді. Сөйтіп соғыста жеңіске жетеді. Оған *адыраспан* деп ат қояды. Мұхаммед Пайғамдар бұл шөпке дем салып, киелі етеді [5]. Бұл өсімдіктің қазақ халқының когнитивтік санасында қалыптасқан ерекше маңыздылығының көрінісі ретінде адыраспанмен байланысты түрлі өлең жолдары, тыйым сөздер, тағы басқа тұрақты тілдік бірліктердің қолданысы дәлел бола алады. Мысалы, адамдар адыраспанды жинауға келгенде, оны жұлмай, үзбей тұрып, ең алдымен:

*Ассалаумағаләйкүм, адыраспан,  
Бізді сізге жіберді Омар, Оспан.  
Кеселге жеті түрлі ем болсын деп,  
Әкім Лұқпан пірлері ақыл қосқан, —*

деп [5; 64], немесе:

*Ассалаумағаләйкүм, адыраспан,  
Атыңды қойған екен Әзіреті Оспан.  
Пайғамбар дұғасынан нәр алған соң,  
Өзіңе келіп тұр мың жол алыстан, —*

деген сөздерді айтып, сәлем берген екен [4]. Соңынан Құран аяттарын оқыған. Адыраспанды аларда оның арнайы уақыты болады, егер оны мезгілінен ерте жұлатын болса, киесі атады деген наным болған. Бұл өсімдікті әбден піскенде, шілде айында гүлдеген кезде жинап алуға болады ...әрі ер адамдар ғана оны жұлып немесе орып алатын болған және жұлмастан бұрын дәрет алу, дұға оқу рәсімдерін орындаған. Адыраспанды аяқ астына тастамаған, биік жерге іліп қойған. *Адыраспан, адыраспан шыққан жерді, сірә, баспан* [5; 64] деген сөз қолданыс та бұл өсімдіктің қазақы танымдағы мәнінің зор екенін көрсетеді.

Адыраспанмен үйді аластау, діни ұғым бойынша, жын-шайтандардан арылу үшін жасалады, онымен үй ішін, босағаны, бесікті аластаған, медициналық тұрғыда түрлі бактериялардан тазарту үшін жасалады. Тіл мен көз тигендерді емдегенде адыраспанды түтетіп, үстіне тұз сеуіп, ауырған адамның басынан үш рет айналдырып, отқа тастайды. Сонда:

*Алас, алас, баладан алас,  
Түрлі-түсті пәледен алас,  
Көзі жаманның көзінен алас,  
Тілі жаманның тілінен алас,  
Алас, алас, алас,  
Қыла гөр Алла пәлеңнен қалас, —*

деп отқа тұз тастайды [5; 150].

Сондай-ақ адыраспан түрлі дертке шипа болғанымен, өте улы болып келеді. Оның жағымсыз иістерді жоятын қасиеті де бар. Қазақ халқы мәйіт жуғанда, жақсы иіс шығып тұру үшін адыраспанды пайдаланған.

Адыраспан түрлі емге дауа болып табылады. Халықтық медицинада адыраспанды буын ауруларынан, тіс ауруынан, тері ауруларынан, тағы басқадан айығу үшін қолданады.

Адыраспан өте улы болғандықтан, сақтық шаралары да жоқ емес. «Уды у қайтарады» демекші, адыраспанның емдік қасиетінің сыры да осы болуы керек. Аңшылар адыраспаннан аңдарға арнап у жасап, қасқыр, түлкі аулағанда пайдаланған.

Адыраспан сияқты емдік мақсатта және ауаны зиянды микробтардан, тағы басқадан тазарту (аластау) үшін қолданылатын мәңгі жасыл өсімдік – арша ағашының қасиеті де мол. Бұл ағаштың бұтақтарын жинап алып, үй ішін, бесікті аластаған. Адыраспан сияқты, оны да жағу арқылы, ауаны бактериялардан тазартып, түрлі аурулардың алдын алған. Арша ағашына түрлі зиянкес жәндіктер жоламайды. Аршаның саясында отырудың өзі адамды түрлі дерттерден сақтайды. Халық санасында бұл өсімдіктің магиялық қасиеті де бар, сол себепті ол бактериялармен қоса, жаман күштерді де жояды деген наным бар. Арша өсімдігімен аластау туралы мынадай мәлімет кездестірдік: «Алтайлықтар аңға шығардың алдында отқа табынып, аластау ғұрпын атқарады екен. Аңшы

биік таулардың асуынан асқан сайын тоқтап, сол таудың рух-иесіне бағыштап арша тұтатып, киелі ағашқа ақтық байлап, алқыш (алғыс) айтқан:

*Алтайға асуын берсін,  
Ағын су кешуін берсін,  
Алтайым аңын аттырсын,  
Жорық жеңіл болсын!..*

Тілімізде арша ағашының жамандық атаулыдан сақтайтын (аластау) қасиетін айшықтайтын «Арша тұрған жерге шайтан бармайды» деген сөз бар [5; 154].

Аршаның мәңгі жасыл болып тұруы жайлы халық арасына таралған аңыз бойынша, бұл ағашқа «Мәңгілік /өлместін/ суы» тамған. Содан бері ол мәңгі жасыл күйінде қалған. Тіліміздің паремиологиялық қорындағы «Арша – орман анасы», «Арша өскен жерінде, адамзат өскен елінде» сияқты тұрақты бірліктер бұл өсімдіктің қазақ танымында ерекше орын алатынын көрсетеді. Арша өсімдігі тұмауға, тіс ауруына, тері, өкпе ауруларына ем болып табылады.

Қазақ танымында айрықша маңызды саналатын өсімдіктің бірі – *жусан*. Кіндік қаны тамған жерін қатты қадірлейтін қазақ халқы жусан өсімдігін *атамекен, туған жер* ұғымдарымен тығыз байланыстырады. Туған жерден ұзап шыққанда, жолаушылар жусанды өзімен бірге ала кеткен. Жусан иісінің қасиет-қадірін туған жерінен шалғай кеткен адам ғана шын сезіне алады. Ал «туған жер» – қазақ халқы үшін ең қасиетті ұғым. Жусанның мұндай қасиетін халқымыз тілдік санасында «Ермен иісі емдеп жанды, жусан иісі жұбатады...» деп таңбалаған. Мысыр елінің билеушісі болған жаужүрек батыр Бейбарыс сұлтан туған жерін сағынғанда, сар даласында өсетін жусанның жұпарын аңсап, соны құшырлана иіскеу үшін билігін де, сүйген жарын да қалдырып, сапарға шыққан... Бұл айтылғандардан қазақтың когнитивтік санасында «туған жерге деген сағыныштың нышаны» ретінде орныққан жусанның қыпшақы танымнан мирас болып қалған семиотикалық мәні айқын көрінеді. Осы ойымыздың жалғасы ретінде

*«Жусан» деп ел атаған,  
Шөп ол – бойы жатаған.  
Дауылға, желге көштеген,  
Шөлге берік өскелең.  
Дәрі – түбір бұтағы,  
Жусан – қырдың жұпары, —*

деген өлең жолдарында мысалға келтіруге болады. Жусан өсімдігінің де емдік қасиеті бар. Ол – асқазан ауруларына шипа, ұйқысыздыққа дауа. Жусан өсімдігінің өзін ауа тазарту үшін пайдаланады. «Жусансыз жерді от деме, көжесіз елді тоқ деме», «Изен, жусан болмаса, шөпте береке болмайды, ауызбірлік болмаса, көпте береке болмайды», «Қой егіз туса, бір түп жусан артық шығады», «Бетеге, жусан – бел көркі, білімді ұл, қыз – ел көркі» деген сияқты мақал-мәтелдер жусан өсімдігінің жердің берекесі екендігін, адамға да, малға да пайдасы орасан зор екендігін айшықтайды.

Құран аяттарында *інжірден* басқа, *зәйтүн, құрма, жүзім, анар* жемістеріне қатысты тілдік бірліктер кездеседі. Діни наным бойынша, Алла Тағала адамды жаратқанда топырақты електен өткізіп, електен түскен топырақтан адамды, електен өтпей қалған топырақтан *құрманы* жаратқан... Әзіреті Әлиден (р.а.) жеткен бір хадисте Алла елшісінің (с.а.у.): «Немере әпкелеріңіз саналатын Құрма ағашын қадірлендер. Өйткені құрма ағашы Адам пайғамбар жаратылған топырақтан жаратылған. Құрма ағашынан басқа ұрықтанып, көбейетін ағаш жоқ. Жүкті әйелдеріңізге балғын құрманы жегізіңіздер. Ал балғыны жоқ болса, онда кептірілгенін беріңіздер. Ағаштардың арасында көлеңкесінде Имранның қызы Мәриям саялаған құрма ағашынан артық ағаш жоқ», — деген сөзі айтылған [6]. Құрма ағашының қасиетті болуы оның түрлі дертке шипа екендігінен. Ол бауыр жұмысына, асқазанға, ас қорыту жұмысына, өкпеге, ми жұмысына пайдалы, адамды қатерлі ісіктен, қан аздық ауруынан, жүйке жүйесі ауруларынан сақтайды.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Зәйтүн майын жеңіздер және (терілеріңізге) жағыңыздар. Өйткені зәйтүн майында берекет бар. Зәйтүн майы берекелі ағаштан алынады» (Ибн Мәжә, Дарими) [7]. Сондай-ақ *Иман нұры зәйтүн ағашынан тамызық алады*. Құранда «Алла – аспанның да, жердің де нұры. Ол бейне бір үй тегіндегі сәулеге ұқсайды. Текте шырағдан тұр. Шырағдан шишаның ішінде. Әлгі шиша – інжу-жұлдыз дерсің. Ол шырақ Батыста да, Шығыста да болмаған ғажайып бір зәйтүн ағашының майынан тамызық алады. Әлгі май от тимей-ақ жалындап кеткелі тұрады, ал от тисе, нұр үстіне нұр қосылмақ («Нұр» сүресі, 35) [2; 354].

Жүзім – Құранда бірнеше рет аталатын жемістердің бірі. Оның пайда болуы, қасиеті жайлы «Адам ата мен Хауа ана» қиссасында да айтылады. Қисса бойынша, Ібіліс Нұх пайғамбардан жүзім дәнін ұрлап алады. Нұх пайғамбар одан сұрағанда, Ібіліс бәрін торғайға жаба салады. Торғай шырпыр болып ақталады. Тілімізде «торғайдай шырылдады» деген тұрақты теңеу, «шырпыр болды», «торғай жаны шырылдады» тіркестері содан қалған. Сөйтіп, Нұх пайғамбар Ібілістен қайта сұрағанда үш шарт қоятынын айтады. Оның шарты бойынша, ол жүзімді екенде үш рет суғаруы керек. Нұх пайғамбар келіседі. Бірақ екенде өзі екі рет пейіш суымен суғарады. Ібіліс тағы үш рет: біріншісі түлкінің кіші дәретімен, екіншісі иттің кіші дәретімен, үшіншісі шошқаның кіші дәретімен өз дәретін араластырып суғарады. Екі рет Нұх пайғамбар өзі суғарғандықтан, жүзімнің шырыны тәтті, әрі ол кепкенде мейізге айналады. Ал Ібіліс суғарғандықтан, жүзім сәл ашыса, адамды мас қылатын шарапқа айналады... Шарапты ішкен кісі алдымен түлкіге ұқсап, жәдігөйленеді. Көп ішсе, итке ұқсап, ырылдасып, шайнасады. Есінен танып ішсе, шошқа сияқты батпақта аунап жата береді...

Жәннат суынан нәр алғандықтан, жүзімнің дәрежесі жоғары. Нұх пайғамбар: «Егер кімнің үйінде мейіз болса, сол үйде періштелер жүреді» деген [8]. Сондай-ақ жүзім бауыр, қан аздық, ішек, бүйрек ауруларына ем болып табылады.

Қорыта келгенде, жоғарыда айтылған ойларымызды қысқаша былай түйіндеуге болады. Қазіргі таңда тіл ғылымында басым орын алып отырған антропоэекті парадигма аясында жүргізіліп жатқан зерттеулер қолданыстағы тілдік бірліктерді халық мәдениетімен, тарихымен және діни таныммен тығыз байланыста қарастыру жақсы нәтижелерге қолжеткізуге жол ашады. Мақалада бірнеше фитонимге байланысты тілдік деректерге арнайы тоқталғанымызбен, қазақ танымында ерекше орын алатын басқа да өсімдіктер көп. Оларды халқымыздың дәстүр-салттарымен, ырым-тыйымдарымен байланыстыра қарастырудың берері мол. Ондай зерттеудің қажеттілігі даусыз, және ол болашақ еншісінде.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Мұхаммед ибн Мұхаммед Ә.А. Мағарижун Нүбүуа Мұхаммедтің Пайғамбарлық дәлелдері. — 2-кіт. / Ә.А. Мұхаммед ибн Мұхаммед; ауд. З.Ж. Оразбай. — Алматы: Баспалар үйі, 2014. — 318 б.
- 2 Құсайынова С. Инжір жайлы не білеміз? / С. Құсайынова. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://www.muslim.kz/kk/article/738-injir-jaily-ne-bilemiz.html>.
- 3 Халифа А. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі / А. Халифа. — Фахд: Мәдина, 1991. — 675 б.
- 4 Әбдіғазыұлы Б. Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық / Б. Әбдіғазыұлы. — Алматы: Аруна, 2010. — 573 б.
- 5 Ырысбек Д. Оспанның адыраспаны, немесе мән мен мәңсіздік / Д. Ырысбек // Ақ желкен. — 2016. — № 10. — 5, 6 б.
- 6 Қасқабасов С. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: 3 т. энцикл. — 1-т. / С. Қасқабасов. — Алматы: Қазақ энцикл. бас ред., 2011. — 738 б.
- 7 Жолдыбайұлы Қ. Құрма ағашы адамның қалдығынан жаралғанын білуші ме едіңіз? / Қ. Жолдыбайұлы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://www.muslim.kz/kk/article/738-injir-jaily-ne-bilemiz.html>.
- 8 Сайранұлы С. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) ас мәзірі / С. Сайранұлы. / Қ. Жолдыбайұлы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: [http://alashainasy.kz/din\\_islam/paygambaryimyizdyin-sau-as-mazr-55103/](http://alashainasy.kz/din_islam/paygambaryimyizdyin-sau-as-mazr-55103/).

Б.М. Сүйерқұл, А.Д. Кегенбекова

#### Теолингвистический анализ языковых единиц с использованием фитонимов

Изучение языковых единиц в тесной связи с человеком, его сознанием, мышлением и духовным миром народа является приоритетным направлением современной лингвистики. Человек познавал вещи и явления в процессе освоения предметного мира. Поскольку растения для него являлись источником питания, служили кровом, использовались в лечебных целях, флора имела в жизни народа важное значение. Это нашло отражение в паремиологическом фонде языка и передавалось из поколения в поколение, т.е. в языковом сознании народа употреблялись в качестве пословиц и поговорок, фразеологизмов, сравнений и запретов и т.д. Статья посвящена изучению языковых единиц с фитонимами с точки зрения теолингвистики. Авторами рассмотрено семиологическое значение названных выше устойчивых языковых единиц на материале исторических письменных памятников. Знаковые описания фитонимических языковых единиц изучены с помощью раскрытия взаимосвязи религиозных учений с традициями и обычаями, суевериями, запретами нашего народа.

*Ключевые слова:* теолингвистика, архетип, фитоним, теоним, языковое сознание, религиозное познание.

## Theolinguistic analysis of language units with phytonyms

The study of linguistic units in close connection with man, his consciousness, thinking and the spiritual world of people is a priority direction of modern linguistics. People have perfected their learning abilities in the process of mastering the objective world. Since plants were a source of nutrition and served as shelter, they were used for medical purposes. Therefore, flora had a great importance in people's life. It was reflected in the paremiological foundation of the language and passed down from generation to generation. They are reflected in linguistic consciousness of people such as proverbs and sayings, phraseological units, comparisons and prohibitions, etc. The article is devoted to the study of linguistic units with phytonyms from the point of view of theolinguistics. The authors consider semiological significance of the above-mentioned stable language units on the basis of historical written monuments. Significant descriptions of phytonymic language units are studied through the disclosure of the relation between religious teachings with traditions, customs, superstitions, and bans of our people.

*Keywords:* theolinguistics, archetype, phytonym, theonym, linguistic consciousness, religious cognition.

### References

- 1 Mukhammed ibn Mukhammed, A.A. (2014). *Maharizhun Nubuuua Mukhammedtin Paihambarlyñ dalelderı* [proof of a prophet]. A. Maharizhun Nubuuua Mukhammedtin Paihambarlyq dalelderı]. Vol. 2. (Trans. Z.Zh. Orazbai). Almaty: Baspalar uıı [in Kazakh].
- 2 Qusainova, S. Inzhir zhaily ne bilemiz? [What do we know about figs]. *muslim.kz*. Retrieved from <http://www.muslim.kz/kk/article/738-injir-jaily-ne-bilemiz.html> [in Kazakh].
- 3 Halifa, A. (1991). *Kuran Karim kazaksha mahyna zhane tusinihi* [Value in Kazakh and understanding of the *Quran Karim*]. Fakhad: Madina [in Kazakh].
- 4 Abdihaziuly, B. (2010). *Kazak adebieti: entsiklopediialyk anyktamalyk* [Kazakh literature: encyclopedic reference book]. Almaty: Aruna [in Kazakh].
- 5 Yrysbek, D. (2016). Ospanyn adyraspany, nemese man men mansizdik [Adyraspan Ospana or essence and senselessness]. *Ak zhelken – White sail*, 10, 5–6 [in Kazakh].
- 6 Qasqabasov, S. (2011). Kazaktyn etnografiialyk katehoriialar, uhymdar men ataularynyn dasturli zhuiesi [Traditional system of Kazakh ethnographic categories of concepts and names]. *Entsiklopediia – Encyclopaedic, Vol. 1-3. Vol. 1*. Almaty: Kazak entsiklopediiasyn bas redaksiiasy [in Kazakh].
- 7 Zholdybaiuly, Q. Kurma ahashy adamnyn kaldyhynan zharalhanyn bilushi me ediniz? [Did you know that a date tree grows from the remains of a person]. *bnews.kz*. Retrieved from [https://bnews.kz/kz/news/obshchestvo/religiya/kurma\\_agashi\\_adamnyn\\_kaldiginan\\_zharalghanyn\\_bilushi\\_me\\_ediniz](https://bnews.kz/kz/news/obshchestvo/religiya/kurma_agashi_adamnyn_kaldiginan_zharalghanyn_bilushi_me_ediniz) [in Kazakh].
- 8 Sauranuly, S. Paihambarymyzdin as maziri [The menu of the Prophet]. *alashainasy.kz*. Retrieved from [http://alashainasy.kz/din\\_islam/paygambarymyzdyin-sau-as-mazr-55103/](http://alashainasy.kz/din_islam/paygambarymyzdyin-sau-as-mazr-55103/) [in Kazakh].